

**Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1805. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1664 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 85 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 9 адамдық алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат

жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 999 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 37, 408-бап) қаулысының 5, 8, 9, 12-тармақтары;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 999 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 қарашадағы N 1251 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1805 қаулысына

## Қосымша

<\*>

### Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Мемлекеттік және табиғи монополияларды реттеу бас басқармасы

Монополияға қарсы заңдарының сақталуын қадағалау жөніндегі  
бас басқарма

Бәсекелестік нарықты дамыту басқармасы

Талдау, ақпарат және ұйымдық жұмыстар басқармасы

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы

Қаржы-экономика бөлімі

Жалпы бөлімі

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда берілді - ҚРҰ-нің 1996.08.15.

№ 1014 қаулысымен.